

Қазақстан Республикасы білім мекемелерінің мөлшерленбеген жұмыс күнді (аптасына 41 сағат) лауазымдары мен қызметкерлерінің Тізімін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім, Мәдениет және Денсаулық Сақтау Министрлігі 1997 жылғы 11 қараша N 438. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 25 ақпан N 471 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.01.97. ж. N 64 "Заңға тәуелді актілерді әрі қарай өңдеу жөніндегі жұмыстар туралы" қаулысына байланысты
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитетімен келісілген (11.11.1997 ж. NN 03-2/4981, 2-14/78) "Жыл сайынғы демалыстарының ұзақтығы 24 жұмыс күнімен бекітілген білім саласы мекемелерінің мөлшерленбеген жұмыс күнді (аптасына 41 сағат) лауазымдары мен қызметкерлерінің Тізімі" бекітілсін.

2. Облыстық (қалалық) білім басқармаларының (департаменттердің) бастықтары, жоғары, орта арнаулы оқу орындарының және басқа республикалық білім мекемелерінің басшылары осы Тізімді басшылыққа алсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме міндеттеймін.

В и ц е - м и н и с т р д і ң

міндетін орындаушы

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

Білім және ғылым қызметкерлер
кәсіподағы Орталық Комитетінің
төрағасы

11 қараша 1997 ж.

N 03-2/4982

N 214/78

11 қараша 1997 ж.

Жыл сайынғы демалыстарының ұзақтығы 24 жұмыс күнімен бекітілген білім саласы мекемелерінің мөлшерленбеген жұмыс күнді (41 сағат) лауазымдары мен қызметкерлерінің ТІЗІМІ

Білім мекемелерінің мөлшерленбеген жұмыс күнді лауазымдары тізіміне қызметкерлердің мынадай санаттары кіреді:

- психологтар, аға вожатыйлар, өндірістік оқу шеберлері, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың еңбек нұсқаушылары, балалар және жасөспірімдермен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы педагогтар, колледждер, демалыс үйлері, пансионаттар, үлкендерге арналған әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелерінің балалар мекемелерінің (алаңдарының) тәрбиешілері, библиотека қызметкерлері, әдіскерлер, лаборанттар, аға ғылыми қызметкерлер, ғылыми қызметкерлер;

- мекемелердің, ұйымдар мен өндірістердің (мектеп директорларынан басқа) басшылары (бастықтары, меңгерушілері, директорлары), олардың орынбасарлары мен көмекшілері;

- құрылым бөлімдерінің (бас басқармалардың, басқармалардың, бөлімдердің, инспекциялардың, секторлардың, канцеляриялардың экспедициялардың, топтардың, кабинеттердің, оқу залдарының, бөлімшелердің, цехтардың, өндірістердің, шеберханалардың, бюролардың, зертханалардың, секциялардың, учаскелердің, шаруашылықтар және т.б.) іс басқарушылары, олардың орынбасарлары, оқу хатшылары мен жауапты хатшылары;

- бас инженерлер, конструкторлар, энергетиктер, механиктер, технологтар, экономистер, арбитрлар және басқа бас мамандар мен олардың орынбасарлары;

- аға мамандар мен мамандар: инспектор-әдіскерлер, инспекторлар, әдіскерлер, зертханашылар (мектеп, мектеп-интернаттар инспекторларынан, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлерінен, ғылыми-зерттеу мекемелерінің зертханашыларынан (жоғары немесе арнаулы орта білімі бар), жоғары оқу орындары мен колледждердің зертханашыларынан, мектеп зертханашылары мен мұғалімдердің біліктілігін көтеру институттарының әдіскерлерінен басқа), референттер, барлық мамандықты инженерлер, конструкторлар, технологтар, энергетиктер, шеберлер, бақылау шеберлері, жұмыс өндірушілері, механиктер, экономистер, экономист-статистиктер, статистиктер, товароведтер, юрисконсульттар, барлық мамандықты техниктер, диспетчерлер, нормировщиктер, әкімшіліктер, операторлар, жабдықтау агенттері, экспедитор агенттері, экспедиторлар, табельщиктер, учетчиктер, нұсқаушылар;

- бас бухгалтерлер мен олардың орынбасарлары, аға бухгалтерлер, бухгалтерлер, аға ревизорлар, ревизорлар, бухгалтер-ревизорлар, аға кассирлер, кассирлер, бухгалтер-кассирлер, кассир-инкассаторлар, инкассаторлар, есепші-кассирлер, есепшілер (бухгалтер болмаған кезде);

- хатшылар, хатшы-стенографистер, хатшы-машинистер;

- архив меңгерушілері (бастықтары), аға архивариустар, архивариустар (архив меңгерушілері болмаған кезде);

- аға іс жүргізушілер, іс жүргізуші-машинистер, машинистер, стенографистер;

- іс жүргізушілер, іс жүргізуші-машинистер;
- сырттай және кешкі оқу, әкімшілік-шаруашылық жұмысы бойынша проректорлар, ректорлар көмекшілері, декандардың орынбасарлары;
- филиалдардың, оқу-консультация пункттердің меңгерушілері (директорлары), автомобиль жүргізуге іс жүзінде оқыту нұсқаушылары, ауылшаруашылық машиналарымен жұмысқа үйрету нұсқаушылары;
- мектептен тыс мекемелері ансамбльдерінің педагог-ұйымдастырушылары;
- арнайы мектептердегі аға кезекшілер мен кезекшілер;
- аудармашылар, аудармашы-дактилологтар, соқыр мұғалімдер мен оқытушылардың ассистенттері;
- білім мекемелерінің аға және патронажды мейірбикелері, мектептер, мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінің мейірбикелері мен фельдшерлері;
- бас редакторлар, жауапты редакторлар мен оларды орынбасарлары, редакциялар меңгерушілері, бөлім меңгерушілері, техноруктар, жауапты хатшылар мен олардың орынбасарлары, шығарушылар, аға редакторлар, редакторлар және олардың орынбасарлары, кіші редакторлар, техникалық редакторлар, аға әдебиет қызметкерлері, әдебиет қызметкерлері, кіші әдебиет қызметкерлері, корреспонденттер, фотокорреспонденттер, корректорліктерді меңгерушілер, аға корректорлар, корректорлар, жазба оқышылары;
- көркемдік жетекшілері, бас режиссерлер, режиссерлердің көмекшілері, р е ж и с с е р л е р ;
- дирижерлер, концертмейстерлер, балетмейстерлер, аккомпаниаторлар, костюмерлер меңгерушілері, хормейстерлер;
- кинорежиссерлер, кинооператорлар, кинооператорлардың ассистенттері, монтажерлер, фильмотекалардың меңгерушілері;
- бас суретшілер, барлық маманды суретшілер;
- экскурсоводтар, экскурсовод-әдіскерлер;
- агрономдар, бағбандар, гүл отырғызушылар, арашылар, энтомологтар, дендрологтар, зоологтар;
- оқу кемелерінің капитандары және олардың көмекшілері, механиктердің көмекшілері, боцмандар, су станцияларының басшылары;
- есеп-есептеу станциялары мен электрондық-есептеу машиналарының басшылары мен олардың орынбасарлары, математик-программистер, математиктер мен программистер;
- аға аспазшылар;
- қойма меңгерушілері мен олардың орынбасарлары, аға қоймашы мен қоймашылар (қойма меңгерушілері болмағанда), материалдық қоймалардың т е к с е р у ш і л е р і ;
- гараж меңгерушілері, автобазалар мен гараждардың механиктері, жеңіл

машиналардың жүргізушілері;
- тұрғын-эксплуатациялық кеңселерінің бастықтары, үй басқармалары,
кітапханалар меңгерушілері, коменданттар;
- өрт-күзету, өрт-кезекті сақтандыру, қарауыл бастықтары мен олардың
көмекшілері, кезек бастықтары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК